

**"Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы заңдарын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы**

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің 2005 жылғы 23 тамыздағы N 6 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И.Рогов, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, Н.В.Белоруков, С.Ф.Бычкова, А.М.Нұрмағамбетов және Ү.М.Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың:

Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының өкілдері - Парламент депутаттары Қ.К.Бөлтаев пен В.Н.Котовичтің,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі Д.Р.Құсдәулетовтың,

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары В.П.Зверьковтың,  
Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың,  
Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Б.К.Байқадамовтың қ а т ы с у ы м е н ,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Республика заңдарын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы өтінішін қарады.

Конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Н.В.Белоруковтың хабарлауын, Республика Парламенті Палаталары өкілдерінің және өзге де отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тындап, сарапшылардың - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің Мемлекет және құқық институтының директоры Ғ.С.Сапарғалиевтің және Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің Жеке құқық ғылыми-зерттеу институтының директоры М.К.Сүлейменовтің қорытындыларымен, сондай-ақ маманның - заң ғылымдарының докторы, профессор, Заңтану академиясы - "Әділет" жоғары құқық мектебінің

проректоры В.А.Малиновскийдің қорытындысымен танысып, **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі** мынаны

**анықтады:**

"Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы заңдарын Қазақстан Республикасының Парламенті 2005 жылғы 29 маусымда қабылдап, 2005 жылғы 4 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына ұсынды.

Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Мемлекет басшысы аталған заңдарды Негізгі Заңға сәйкестігі тұрғысында қарау туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдады.

"Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының конституциялылығын тексерген кезде Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

1. "Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) шетел қатысатын коммерциялық емес ұйымдардың Қазақстан аумағындағы қызметін құқықтық регламенттеуді қамтамасыз етуге бағытталған, мемлекеттің осы саланы заңнамалық реттеуге хақылы екендігі тұрғысынан қарағанда бұл әбден орынды болып табылады. Мұндай құқық Республика Парламентінің құзыретіне жатады, ол Конституцияның 54-бабының 1) тармақшасына сәйкес, еліміздің бүкіл аумағында міндетті күші бар, заңдар нысанындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдай алады. Парламент заңдар арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігіне, сондай-ақ меншік режиміне және өзге де мүліктік құқықтарға қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілеуге хақылы (Негізгі Заңның 61-бабы 3-тармағының 1) және 2) тармақшалары. Бұл ретте, Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес, адамның және азаматтың жеке де, ұжымдық та құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада шектелуі мүмкін. Сол арқылы, Конституция заң шығарушыға мемлекет пен қоғамның айрықша қорғалатын мүдделері мен құндылықтарына төнетін қауіп-қатерге бара-бар құқықтық шаралар айқындау мүмкіншілігін береді.

Бірлесу бостандығына құқығын шектеудің мүмкіншілігі мен шарттары БҰҰ-ның

Бас ассамблеясы 1966 жылғы 19 желтоқсанда қабылдаған және оған Қазақстан Республикасы қол қойған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде де көзделген. Осы құжаттың 22-бабына сәйкес "әрбір адамның қауымдасу бостандығына, соның ішінде кәсіподақ құруға және өз мүдделерін қорғау үшін оларға мүше болуға құқығы бар. Бұл құқықты пайдалану, заңда көзделгендерінен және мемлекет қауіпсіздігі, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау немесе өзге адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында демократиялық қоғамда қажет болатындарынан басқалары, ешқандай шектеуге ж а т п а й д ы " .

Халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың Қазақстан аумағындағы қызметін реттей отырып, заң шығарушы оларды құқықтық мәртебесі арнаулы заңмен регламенттелетін жеке топқа (түрге) бөледі (Заңның 1-4-баптары). Жекелеген коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық жағдайының ерекшелігін заң жүзінде бекіту мүмкіншілігі "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 142-II Заңымен ( 3-бап ) көзделген.

Осының бәрі қоғамдық бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі туралы конституциялық принципті бұзбай отырып, жекелеген заң шеңберінде халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдар үшін құрылуының тәртібі мен қызметін реттеудің ерекшелігін белгілеуге мүмкіндік береді (Конституцияның 5-бабының 2-т а р м а ғ ы ) .

Мәселен, Заңның 7-бабының 1-тармағы шектеулер белгілейді, ол шектеулерге сәйкес Қазақстан азаматтығында жоқ адамдар халықаралық немесе шетелдік коммерциялық емес ұйым филиалының немесе өкілдігінің басшысы бола алмайды және "Қазақстан Республикасының халықаралық коммерциялық емес ұйымының" атқарушы органының құрамына кіре алмайды. Бұл шектеулер Конституцияға қайшы келмейді, өйткені Негізгі Заңның 12-бабының 4-тармағында Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады деп бекітілген. Конституциялық Кеңестің 2003 жылғы 1 желтоқсандағы N 12 және 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 4 қаулыларында баяндалған құқықтық позициясына сәйкес Конституция азаматтар, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін олар пайдалана алатын құқықтар мен бостандықтардың әртүрлі көлемін, және оларға жүктелетін міндеттердің әртүрлі көлемін белгілейді. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін шектеулі конституциялық-құқықтық м ә р т е б е к ө з д е л г е н .

Заң "Қазақстан Республикасының халықаралық коммерциялық емес ұйымдары", халықаралық немесе шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары және өкілдіктері үшін қаржыландыру мен ақша жұмсаудың ерекше тәртібін, қаржылық есептілікті және өздерін құрған құрылтайшылар туралы мәліметтерді Қазақстан

аумағындағы баспасөз басылымдарында жыл сайын жариялау міндеттілігін белгілейді, сондай-ақ террористік немесе экстремистік деп танылған ұйымдардан анонимдік қайырмалдықтар мен қаржыландыру алуға тыйым салады (5-баптың 3-тармағы, 9-баптың 1 және 2-тармақтары, 10-баптың 2-тармағы). Халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметіндегі ашықтықты көбірек қамтамасыз етуге бағытталған осындай шектеулерді енгізу мүмкіншілігі Конституцияның 6-бабы 2-тармағының ("меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді") және 23-бабы 1-тармағының ("қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі") ережелерінен келіп шығады.

Қаралып отырған Заңды қабылдау рәсімі Республика Конституциясының ережелеріне сәйкес келеді. Заң жобасы Конституцияның 61-бабының 1-тармағы негізінде бір топ депутаттар тарапынан Парламент Мәжілісіне енгізілген және оның әрбір Палатасында өз кезегімен қарау арқылы Негізгі Заңның 61-бабы 3-6-баптарының талаптарын сақтай отырып қабылданған.

Сонымен бірге, талдау көрсеткеніндей, "Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы" Заңның кейбір нормалары Конституцияның жекелеген нормаларына сәйкес келмейді.

Осы Заңның 2-бабының 3-тармағына сәйкес "Қазақстан Республикасының, шет мемлекеттің заңнамасында не Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың ережелерінде өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, тікелей немесе өзінің уәкілетті органдары арқылы Қазақстан Республикасы, тікелей немесе өзінің уәкілетті органдары арқылы шет мемлекеттер, Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары, шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар, азаматтығы жоқ адамдар, халықаралық ұйымдар халықаралық немесе шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың құрылтайшылары бола алады". Заңның 9-бабының 1-тармағына сай "осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде, сондай-ақ аумағында халықаралық немесе шетелдік коммерциялық емес ұйым құрылған мемлекеттің заңнамасында тыйым салынбаған кез келген түсімдер халықаралық немесе шетелдік коммерциялық емес ұйымның мүлкін қалыптастыру көздері болып табылады".

Алайда "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213-І Заңының 1-бабының 2) тармақшасына сәйкес, заңдар белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілердің, соның ішінде заңға тәуелді актілердің де жиынтығын өз мазмұнымен қамтиды. Бұдан келіп шығатыны, қаралып отырған Заңның 2-бабының 3-тармағы бірлесу бостандығына құқығын, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігін заңмен ғана емес, заңдық күші аздау нормативтік құқықтық актілермен де шектеуге мүмкіндік береді. Бұл Конституцияның 39-бабы 1-тармағының ("адамның және азаматтың

құқықтары мен бостандықтары тек заңмен шектелуі мүмкін") және Негізгі Заңның 61-бабы 3-тармағының ("Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігіне қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы") т а л а п т а р ы н а қ а й ш ы к е л е д і .

Одан тыс, Заңның 2-бабы 3-тармағының және 9-бабы 1-тармағының редакциясынан келіп шығатыны, жеке және заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігін айқындауға байланысты құқықтық қатынастарды, сондай-ақ Қазақстан аумағында құрылатын заңды тұлғалардың мүлкін қалыптастыру тәртібін реттеу үшін ұлттық та, шетел де заңнамасын қолдануға жол беріледі. Бұл орайда, Конституцияның 4-бабының 1-тармағында шетел заңнамасының нормалары Республиканың қолданыстағы құқығына жатқызылмаған. Конституциялық Кеңестің 1996 жылғы 28 қазандағы N 6, 1998 жылғы 27 наурыздағы N 1/2 және 2001 жылғы 7 мамырдағы N 6/2 қаулыларында осыған назар аударылған. Одан тыс, заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігін айқындау тәртібі Қазақстанның қолданыстағы құқығымен регламенттеліп қойылған. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409-І Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 1101-бабының 1-тармағына (7-бөлім "Халықаралық жеке құқық") сай заңды тұлғаның азаматтық құқық қабілеттілігі заңды тұлғаның заңымен айқындалады. Бұл ретте, осы заңды тұлға құрылған елдің құқығы заңды тұлғаның заңы деп есептеледі ( А з а м а т т ы қ к о д е к с т і н 1 1 0 0 - б а б ы ).

Соған байланысты, қаралып отырған жағдайға қатысты қолданыста, Қазақстан заңнамасы қолданылатын құқық болып табылатын жағдайларда, ол реттеп қойған құқықтық қатынастарға шетелдік нормативтік құқықтық актілердің қолданылуы Конституцияның 4-бабы 1-тармағының ережелеріне сәйкес келмейді.

Осылайша, Конституциялық Кеңес "Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы" Заңның 2-бабының 3-тармағы және 9-бабының 1-тармағы Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына, 39-бабының 1-тармағына және 61-бабының 3-тармағына сәйкес емес деп есептейді.

2. Республика Парламенті Конституцияда көзделген тәртіп пен рәсімдерді сақтай отырып қабылдаған, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы" Заңмен ө з а р а б а й л а н ы с т ы .

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң, қолданыстағы заңнамалық актілерге шетел қатысатын коммерциялық емес

ұйымдардың қызметін құқықтық реттеудің жорамалданып отырған жаңа тәртібінен туындайтын түзетулерді енгізетіндіктен, және, бұл ретте Конституцияға сәйкес келмейтін заңның нормаларына негізделе отырып, осы түзетулердің орындалмағаны үшін жауаптылық белгілейтіндіктен, ол, Негізгі Заңның 4-бабы 1-тармағының мағынасын ескере отырып, сондай-ақ конституциялық деп таныла алмайды.

Жазылғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Конституциялық заңның 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасын, 31-33 және 37-баптарын, 38-бабының 1-тармағын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

**қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасының Парламенті 2005 жылғы 29 маусымда қабылдап, 2005 жылғы 4 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына ұсынған, "Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 1-тармағына сай "Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына қол қойылмайды және күшіне енгізілмейді.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Конституциялық Кеңесінің*

*Төрағасы*